

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
ведомстволық статистикалық байқауларының нысандарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 114 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 29 сәуірде № 34313 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "202__ жылғы _____ (ай) еңбек делдалдығы үшін өтініш берген азаматтардың саны туралы есеп" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 1-Е (жұмысқа орналастыру), кезеңділігі айлық);

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "202__ жылғы _____ (ай) еңбек делдалдығы үшін өтініш берген азаматтардың саны туралы есеп" (индексі 1-Е (жұмысқа орналастыру), кезеңділігі айлық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Жасырын жұмыссыздық жөніндегі мәлімет (қысқартылған және жұмыспен ішінара қамтылған жұмыскерлер, жалақы бойынша берешек жөнінде)" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 3-ЕН (жасырын жұмыссыздық), кезеңділігі айлық);

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Жасырын жұмыссыздық жөніндегі мәлімет (қысқартылған және жұмыспен ішінара қамтылған жұмыскерлер, жалақы бойынша берешек жөнінде)" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (индексі 3-ЕН (жасырын жұмыссыздық), кезеңділігі айлық) толтыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі


С. Жакупова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

2024 жылғы 25 сәуірдегі
№ 114 /бұйрығына
1 қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.06.2026 № 245 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

	Ақпарат алушы органдар құпиялылығына кепілдік береді Конфиденциальность гарантируется органами получателями информации Ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны Статистическая форма ведомственного статистического наблюдения Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі – Еңбекмині) ұсынылады Представляется в Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан (далее –МТСЗН)	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 20__ жылғы " __ " _____ № __ бұйрығына 1-қосымша Приложение 1 к приказу министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от " __ " _____ 20__ года № __
---	---	--

202__ жылғы _____ (ай) еңбек делдалдығы үшін өтініш берген азаматтардың саны туралы
есеп Отчет о численности граждан, обратившихся за трудовым посредничеством за _____
(месяц) 202__ года

Статистикалық нысанның индексі: 1-Е (жұмысқа орналастыру) Индекс статистической формы:	Кезеңділік: айлық Периодичность: ь:	Есепті кезең: _____ (ай) Отчетный период:	$CR = \frac{CA}{CL}$ жыл год
--	--	--	------------------------------

1-Т (трудоустройство)	месячная	_____		
		(месяц)		
"Мансап орталықтары, еңбек мобильділігі орталықтары, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары және "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ (бұдан әрі – "ЕРДО" АҚ) ұсынады Представляют карьерные центры, центры трудовой мобильности, местные исполнительные органы по вопросам социальной защиты и занятости населения столицы, областей, городов республиканского значения и АО "Центр развития трудовых ресурсов" (далее – АО "ЦРТР") Ұсыну мерзімі – мансап орталықтары есепті айдан кейінгі айдың 2-күні; еңбек мобильділігі орталықтары есепті айдан кейінгі айдың 4-күні; астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары есепті айдан кейінгі айдың 6-күні; "ЕРДО" АҚ Еңбекминіне – есепті айдан кейінгі айдың 8-күн Срок представления – карьерные центры – 2-го числа после отчетного месяца; центры трудовой мобильности – 4-го числа после отчетного месяца; местные исполнительные органы по вопросам социальной защиты и занятости населения столицы, областей, городов республиканского значения – 6-го числа после отчетного месяца; АО "ЦРТР" в МТСЗН – 8-го числа после отчетного месяца"				

БСН коды код БИН	$ROE = \frac{NI}{EC} \cdot 100\%.$
------------------	------------------------------------

Жол коды Код строки	Көрсеткіштер Показатели	Барлығы Всего		оның ішінде ауылдық жерде тұратындар в том числе проживающие в сельской местности	
		айына за месяц	жыл басынан бері с начала года	айына за месяц	жыл басынан бері с начала года
А	Б	1	2	3	4
0	Жыл басына есепте тұрғандардың барлығы, адам Состоят всего на учете на начало года, человек	x		x	
0.1	оның ішінде жұмыссыздар, адам в том числе безработные, человек	x		x	
1	Еңбек делдалдығы үшін халықты жұмыспен қамту органдарына жүгінгендер, бірлік Обратилось в органы занятости населения за трудовым посредничеством, единиц				
1.1	жұмыс іздеген адам ретінде тіркелгендер, адам зарегистрированы в качестве лица, ищущего работу, человек				
1.1.1	кәсіптік бағдарлаудан өткендер, адам прошли				

	профессиональную ориентацию, человек				
1.1.2	жүтінген күннен бастап 3 күн ішінде жұмысқа орналасқандар, адам трудоустроены в течении 3 дней со дня обращения, человек				
1.1.3	жұмыс іздеген адам ретінде есептен шығарылғандар, адам сняты с учета в качестве лица, ищущего работу, человек				
2	Мемлекеттік қолдау шарасын көрсету үшін жұмыспен қамту органдарында тіркелгендер, адам Зарегистрированы в органах занятости для оказания мер государственной поддержки, человек				
	оның ішінде: в том числе:	х			
2.1	жұмыссыздар, адам безработные, человек				
2.2	жұмыспен қамтылған халық, адам занятое население, человек				
3	Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары, бірлік Активные меры содействия занятости, единиц				
	оның ішінде: в том числе:				
3.1	бос жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру, адам трудоустройство на вакансии , человек				
3.2	кәсіптік оқытуға жіберілгендер, адам направлены на профессиональное обучение, человек				
3.2.1	кәсіптік оқытуды аяқтағандар, адам завершили профессиональное обучение, человек				
3.2.2	кәсіптік оқытуды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасқаны трудоустроено				

	после завершения профессионального обучения				
3.3	кәсіпкерлік негіздеріне оқытылғандар, адам обучены основам предпринимательства, человек				
3.4	микрокредиттер берілді, адам выдано микрокредитов, человек				
3.5	гранттар берілді, адам выдано грантов, человек				
3.6	субсидияланатын жұмыс орындары, адам субсидируемые рабочие места, человек				
3.6.1	жастар практикасы, адам молодежная практика, человек				
3.6.2	әлеуметтік жұмыс орындары, адам социальные рабочие места, человек				
3.6.3	қоғамдық жұмыстар, адам общественные работы, человек				
3.6.4	"Алғашқы жұмыс орны" жобасы, адам проект "Первое рабочее место", человек				
3.6.5	"Ұрпақтар келісімшарты" жобасы, адам проект "Контракт поколений", человек				
3.6.6	"Күміс жас" жобасы, адам проект "Серебряный возраст", адам				
3.7	отбасы көшірілді переселено семей				
3.7.1	олардың ішінде еңбекке қабілетті, адам из них трудоспособные, человек				
3.8	мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру, адам трудоустройство лиц с инвалидностью, человек				
3.8.1	олардың ішінде арнайы жұмыс орындарына, адам из них на специальные рабочие места, человек				

3.9	өзге де шаралар прочие меры				
4	Есептен шығарылғандар, барлығы, адам Сняты с учета всего, человек				
4.1	оның ішінде жұмыссыздар в том числе безработные				
5	Есепті айдың соңында есепте тұрғандар, адам Состоят на учете на конец отчетного месяца, человек		x		x
5.1	оның ішінде жұмыссыздар в том числе безработные		x		x
6	Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны, адам Количество получателей социальных выплат на случай после потери работы, человек				
7	Жұмысқа орналастыру жөніндегі шаралар көрсетілді, барлығы, бірлік Оказано мер по трудоустройству всего, единиц				
	оның ішінде: в том числе:				
7.1	жұмысқа орналастырылды, барлығы, адам трудоустроено всего, человек				

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (кажетін қоршаңыз)

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
до 1 часа					более 40 часов

Үлгілік мекенжай бөлігі Типовая адресная часть

Атауы _____

Мекенжайы (респонденттің) _____

Наименование _____

Адрес (респондента) _____

Телефоны (респонденттің)

Телефон (респондента) _____

стационарлық ұялы стационарный мобильный

--	--

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз	Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз
Согласны на распространение первичных статистических данных	Не согласны на распространение первичных статистических данных

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің) _____

Адрес электронной почты (респондента) _____

Орындаушы _____

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) _____ қолы, телефоны (орындаушының)
 фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон (исполнителя)
 Бас бухгалтер немесе оның міндетін атқарушы адам
 Главный бухгалтер или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) _____ қолы
 фамилия, имя и отчество (при его наличии) _____ подпись
 Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам
 Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) _____ қолы
 фамилия, имя и отчество (при его наличии) _____ подпись
 Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес алғашқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях".

2024 жылғы 25 сәуірдегі
 № 114 /бұйрығына
 2 қосымша

"202__ жылғы _____ (ай) еңбек делдалдығы үшін өтініш берген азаматтардың саны туралы есеп" (индексі 1-Е (жұмысқа орналастыру), кезеңділігі айлық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "202__ жылғы _____ (ай) еңбек делдалдығы үшін өтініш берген азаматтардың саны туралы есеп" (индексі 1-Е (жұмысқа орналастыру), кезеңділігі айлық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "202__ жылғы _____ (ай) еңбек делдалдығы үшін өтініш берген азаматтардың саны туралы есеп" (индексі 1-Е (жұмысқа орналастыру), кезеңділігі айлық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау – кәсіп таңдауда, қызмет түрін ауыстыруда және кәсіптік білімді, дағдыларды, жеке басының мүдделерін және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып біліктілігін арттыруда практикалық көмек көрсетуге бағытталған өзара байланысты іс-шаралар кешені;

2) еңбек мобильділігі орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын әзірлеу және іске асыру мақсатында астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

3) жұмысқа орналастыру – халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге ықпал етуге арналған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;

4) жұмыс іздеуші адам – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін мансап орталығына жүгінген жеке тұлға;

5) жұмыссыз – жұмыс іздеуші және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

6) кәсіптік оқыту – Әлеуметтік кодексте көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары шеңберінде жаңа мамандықтарды (кәсіптерді), дағдыларды меңгеру және біліктілікті арттыру мақсатында кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды қамтитын оқыту;

7) мансап орталығы – еңбек мобильділігі орталығының аудандарда, астанада, республикалық маңызы бар қалада, облыстық маңызы бар қалада оның функцияларын орындауды жүзеге асыратын филиалы;

8) субсидияланатын жұмыс орны – жалақысын толық немесе ішінара субсидиялай отырып, жұмыссыздарды, сондай-ақ оқудан бос уақытта денсаулығына зиян келтірілмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысқа қатысатын студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларын жұмысқа орналастыру үшін, еңбек мобильділігі орталығымен (мансап орталығымен) шарт негізінде жұмыс беруші құратын жұмыс орны.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.06.2026 № 245 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Статистикалық нысандағы барлық көрсеткіштер (есепті айдың соңындағы деректер көрсетілетін 5, 5.1-жолдарды қоспағанда) есепті айға және ағымдағы жыл

басынан бергі үдемелі қорытындымен келтіріледі. Деректер бірлігіне дейін дәлме-дәл көрсетіледі.

Статистикалық нысанның 3 және 4-бағандарында 1 және 2-бағандардан ауылдық жерлерде тұратын азаматтар бойынша деректер бөлінеді, оларға "қалалық үлгідегі кент" санатына жататын жұмыс кенттерінің тұрғындары жатқызылмайды.

0-жолы бойынша ағымдағы жылдың басына жұмыс іздеп мансап орталығының есебінде тұрған азаматтардың (гранттар мен микрокредиттер алған, оқуды жалғастырған, жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу кіретін жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысатын адамдарды қоса алғанда) жалпы саны туралы деректер келтіріледі;

0.1-жол бойынша ағымдағы жылдың басынан бастап жұмыс іздеп мансап орталықтарының есебінде тұрған жұмыссыздардың жалпы саны туралы деректер келтіріледі.

1-жол бойынша мансап орталықтарына еңбек делдалдығына жүгінген және оларда жұмыссыз ретінде есепке қойылған, басқа еңбек қызметінде жұмыспен қамтылған, бірақ басқа жұмыс тапқысы келетін, қосымша табыс (кіріс) тапқысы және бірнеше еңбек шарты бойынша жұмыс істегісі келетін, сондай-ақ жұмыстан бос уақытында жұмыс күшіне қажеттілік болған кезде жұмыс берушіге бағытталатын зейнеткерлерді, оқушыларды, студенттерді, мүгедектігі бар адамдарды және басқа адамдарды қоса алғанда адамдардың жалпы саны туралы деректер келтіріледі.

1.1-жол бойынша (1-жолдан) жұмысқа орналасуына жәрдем көрсетуі үшін тілек білдірген және жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелген адамдардың саны көрсетіледі.

1.1.1-жол бойынша жүгінген және тіркелген, мансап орталығы кәсіптік бағдарлау бойынша қызметтер көрсеткен адамдардың саны көрсетіледі.

1.1.2-жол бойынша мансап орталығына жүгінген және тіркелген күнінен бастап 3 күн ішінде жұмысқа орналастырған адамдардың саны көрсетіледі.

1.1.3-жол бойынша жұмыс іздеп жүрген адам ретінде есептен шығарылған адамдардың саны көрсетіледі.

2-жол бойынша мемлекеттік қолдау шараларын көрсету үшін мансап орталықтарында тіркелген адамдардың саны көрсетіледі.

2.1-жол бойынша (2-жолдан) жұмыссыз ретінде тіркелгендердің саны туралы деректер келтіріледі.

2.2-жол бойынша (2-жолдан) тіркелген, жұмыс іздеп жүрген жұмыспен қамтылған адамдардың саны туралы деректер келтіріледі.

3-жол бойынша жұмыс іздеген адамдар мен жұмыссыздарға қолданылған жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларының саны туралы деректер келтіріледі.

3.1-жол бойынша жұмыс берушілер ұсынған бос жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан адамдардың саны туралы деректер көрсетіледі.

3.2-жол бойынша кәсіптік оқытуға жіберілгендердің саны туралы деректер келтіріледі.

3.2.1-жол бойынша кәсіптік оқытуды аяқтаған адамдардың саны туралы деректер көрсетіледі.

3.2.2-жол бойынша кәсіптік оқытуды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасқандардың саны туралы деректер келтіріледі.

3.3-жол бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға жіберілген адамдардың саны туралы деректер келтіріледі.

3.4-жол бойынша жас кәсіпкерлерге берілген микрокредиттердің (бірлік) саны көрсетіледі, микрокредиттердің саны, жыл ішінде оларды алу саны бойынша есепке алынады.

3.5-жол бойынша жаңа бизнес идеяларды (бірлік) іске асыруға берілген өтеусіз гранттардың саны көрсетіледі, өтеусіз гранттардың саны, жыл ішінде оларды алу саны бойынша есепке алынады.

3.6-жол бойынша субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған адамдардың саны туралы деректер көрсетіледі.

3.6.1-жол бойынша жастар практикасы шеңберінде жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған адамдардың саны туралы деректер көрсетіледі.

3.6.2-жол бойынша әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған адамдардың саны туралы деректер көрсетіледі.

3.6.3-жол бойынша қоғамдық жұмыстар шеңберінде жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған адамдардың саны туралы деректер көрсетіледі.

3.6.4-жол бойынша "Алғашқы жұмыс орны" жобасына жұмысқа орналастырылған адамдардың саны туралы деректер көрсетіледі.

3.6.5-жол бойынша "Ұрпақтар келісімшарты" жобасына жұмысқа орналастырылған адамдардың саны туралы деректер көрсетіледі.

3.6.6-жол бойынша "Күміс жас" жобасына жұмысқа орналастырылған адамдардың саны туралы деректер көрсетіледі.

3.7-жол бойынша еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде қоныс аударған отбасылардың саны көрсетіледі, өлшем бірлік ретінде отағасы алынады.

3.7.1-жол бойынша еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде қоныс аударған отбасылардың еңбек етуге қабілетті мүшелерінің саны көрсетіледі.

3.8-жол бойынша мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру және олардың жұмыспен қамтылуының сақталуы көрсетіледі (субсидияланатын жұмыс орындарын есепке алусыз).

3.8.1-жол бойынша мүгедектігі бар адамдарды арнайы жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру көрсетіледі.

3.9-жол бойынша бюджеттен субсидияланатын өзге шаралардың саны көрсетіледі.

4-жол бойынша ағымдағы жылы "жұмыс іздеп жүрген адам" ретінде есептен шығарылған адамдардың саны көрсетіледі.

4.1-жол бойынша ағымдағы жылы "жұмыссыз" ретінде есептен шығарылған адамдардың саны көрсетіледі.

5-жол бойынша есепті айдың соңындағы жағдай бойынша мансап орталығында есепте тұрған жұмыс іздеп жүрген адамдардың іс-жүзіндегі саны көрсетіледі.

5.1-жол бойынша есепті айдың соңындағы жағдай бойынша мансап орталығында есепте тұрған жұмыссыздардың іс-жүзіндегі саны көрсетіледі.

6-жол бойынша (1.1-жолдан) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары болып табылатын, жұмысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алған адамдардың саны көрсетіледі.

7-жол бойынша жалпы жұмысқа орналастыру көрсетіледі, мансап орталықтардың жұмысқа орналастыру бойынша көрсеткен шаралар санымен айқындалады.

Егер есепті кезең ішінде өтініш берген адам бірнеше әлеуметтік қорғау шараларымен қамтылса, онда ол әрбір ретте әлеуметтік қорғаудың барлық шаралары бойынша есепке алынады.

7.1-жол бойынша мансап орталықтары жұмысқа орналастырған адамдардың санымен айқындалатын жалпы жұмысқа орналастыру көрсетіледі.

4. Ескертпе: X – аталған позиция толтыруға жатпайды.

5. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-баған = есепті кезеңнің 1-бағаны + өткен кезеңнің 2-бағаны (0; 0.1 және 5; 5.1-жолдарды қоспағанда);

2) 2-баған $\geq$ 1-бағанның барлық жолдары бойынша 0; 0.1 және 5; 5.1-жолдарды қоспағанда;

3) 2-жол = 1.1-жол - 1.1.2-жол - 1.1.3-жол;

4) 2-жол = 2.1-жол + 2.2-жол;

5) 3-жол = 3.1-3.9-жолдардың $\sum$;

6) 5-жол = 0-жол + 2-жол - 6-жол;

7) 5.1-жол = 0.1-жол + 2.1-жол - 4.1-жол;

8) 7-жол = 1.1.2-жол + 3.1-жол + 3.6-жол.

2024 жылғы 25 сәуірдегі

№ 114 /бұйрығына

3 қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.06.2026 № 245 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ақпарат алушы органдар күпиялылығына кепілдік береді

$$DR = \frac{LC}{EC}$$

Конфиденциальность гарантируется органами получателями информации
Ведомствольк статистикалык байкаудың статистикалык нысаны
Статистическая форма ведомственного статистического наблюдения
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі – Еңбекмині) ұсынылады
Представляется в Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан (далее – МТСЗН)

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің
20__ жылғы " __ " _____
№ __ бұйрығына
3-қосымша
Приложение 3
к приказу министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан
от " __ " _____ 20__ года
№__

Жасырын жұмыссыздық жөніндегі мәлімет (қысқартылған және жұмыспен ішінара қамтылған жұмыскерлер, жалақы бойынша берешек туралы)

Сведения о скрытой безработице (о сокращенных и частично занятых работниках, задолженности по заработной плате)

Статистикалык нысанның индексі: 3-ЕН (жасырын жұмыссыздық) И н д е к с статистической формы: 3-ТН (скрытая безработица)	Кезеңділік: айлық Периодичность: месячная	Есепті кезең: _____ (ай) Отчетный период: _____ (месяц)	$DR = \frac{LC}{EC}$	жыл год
Занды тұлғалар және олардың филиалдары мен өкілдіктерінің өздері орналасқан орындары бойынша; аудандардың, қалалардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары; астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары және "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ (бұдан әрі – "ЕРДО" АҚ) ұсынады				
Представляют юридические лица и их филиалы и представительства по месту нахождения; местные исполнительные органы по вопросам социальной защиты и занятости населения районов, городов; местные исполнительные органы по вопросам социальной защиты и занятости населения столицы, областей, городов республиканского значения и АО "Центр развития трудовых ресурсов" (далее – АО "ЦРТР")				
Ұсыну мерзімі – занды тұлғалар және олардың филиалдары мен өкілдіктерінің өздері орналасқан орындары бойынша есепті айдан кейін 3-күні; аудандардың, қалалардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары есепті айдан кейінгі айдың 5-күні; астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары есепті айдан кейінгі айдың 7-күні; "ЕРДО" АҚ Еңбекминіне есепті айдан кейінгі айдың 10-күні				
Срок представления – юридические лица и их филиалы и представительства по месту своего нахождения 3-го числа после отчетного месяца; местные исполнительные органы по вопросам социальной защиты и занятости населения районов, городов – 5-го числа после отчетного месяца; местные исполнительные органы по вопросам социальной защиты и занятости населения столицы, областей, городов				

2	өндіріс көлемінің қысқаруы, жұмыс режимінің өзгеруі) Переход на режим неполного рабочего времени (частичная приостановка, сокращение объема производства, изменение режима работы)									
---	---	--	--	--	--	--	--	--	--	--

жалғасы продолжение

Жол коды Код строки	Кәсіпорынның жұмыс режимі Режим работы предприятия	Өндіріс көлемі, мың теңге Объем производства, тысяч тенге	Жұмыскерлердің жалпы тізімдік саны, адам Общая списочная численность работников, человек	Қысқартылған жұмыс орындарының барлығы, адам Всего сокращенных рабочих мест, человек	Қысқартылған бос орындарының барлығы, бірлік Всего сокращенных вакантных мест, единиц	Жұмыскерлердің саны, адам Количество работников, человек				2 айдан кейін күтілетін жұмыс орындарының қысқартылуы, адам ожидаемое сокращение рабочих мест
						өз еркімен жұмыстан босатылғандар увольняемых по собственному желанию	жалақысы сақталмайтын демалысқа шыққандар находящихся в отпусках без сохранения	толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыс істейтіндер занятых в режиме неполно	өндірістің, жабдықтың тоқтатылуына байланысты уақытша жұмыспен қамтылмағандар временно незанятых из-за простоя	

							заработн о й платы	рабочег о времени	произво дства, оборудо вания	через 2 месяца, человек
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9
3	Толық режимде г і жұмыс Работа в полном режиме									

2-бөлім. Кәсіпорын персоналын жұмыспен қамту үшін қабылданатын шаралар

Раздел 2. Меры, принимаемые с целью занятости персонала предприятия

Жол коды Код строки	Қабылданатын шаралардың атауы Наименования принимаемых мер	Жұмыскерлердің саны, адам Число работников, человек
	1	2
1	Басқа жұмыстарға (лауазымдарға) ауыстырылған жұмыскерлер саны Число работников, перераспределенных на другие работы (должности)	
2	Басқа кәсіптерге оқытылған кызметкерлер саны Число работников, обученных другим профессиям	
3	Кәсіптік оқуға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жіберілген жұмыскерлер саны Число работников, направленных на профессиональную подготовку, переподготовку, повышение квалификации	

3-бөлім. Жалақы бойынша мерзімі өткен берешек

Раздел 3. Просроченная задолженность по заработной плате

Жол коды Код строки	Жалақы бойынша мерзімі өткен берешек Просроченная задолженность по заработной плате	Сوما, мың тенге Сумма, тысяч тенге
	1	2
1	Жалақы бойынша мерзімі өткен берешек Просроченная задолженность по заработной плате	

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
до 1 часа					более 40 часов

Үлгілік мекенжай бөлігі Типовая адресная часть

Атауы _____

Мекенжайы (респонденттің) _____

Наименование _____

Адрес (респондента) _____

Телефоны (респонденттің) _____

Телефон (респондента) _____

_____ стационарлық ұялы стационарный мобильный

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз	Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз
Согласны на распространение первичных статистических данных	Не согласны на распространение первичных статистических данных

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) _____

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны (орындаушының)

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның міндетін атқарушы адам

Главный бухгалтер или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде

ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях".

"Жасырын жұмыссыздық туралы мәліметтер" (қысқартылған және ішінара жұмыспен қамтылған жұмыскерлер, жалақы бойынша берешек туралы) ведомстволық статистикалық нысанына қосымша

Экономикалық қызмет түрлері

Секциялар	Атауы	Бөлімдер
А	Ауыл, орман және балық шаруашылығы	01-03
	Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсыну	01
	Орман шаруашылығы және ағаш дайындау	02
	Балық аулау және балық өсіру	03
В	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	05-09
	Көмір өндіру	05
	Шикі мұнай және табиғи газ өндіру	06
	Металл кендерін өндіру	07
	Өзге де пайдалы қазбаларды өндіру	08
	Кен өндіру өнеркәсібінде саласындағы қызметтер көрсету	09
С	Өңдеу өнеркәсібі	10-33
	Тамақ өнімдерін өндіру	10
	Сусындар өндіру	11
	Темекі өнімдерін өндіру	12
	Тоқыма бұйымдарын өндіру	13
	Киім өндіру	14
	Былғары және оған жататын өнімдерді өндіру	15
	Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан	

	және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру	16
	Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру	17
	Полиграфиялық қызмет және жазылған ақпарат жеткізгіштерін жаңғырту	18
	Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	19
	Химия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру	20
	Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар өндіру	21
	Резеңке және пластмасса бұйымдар өндіру	22
	Өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру	23
	Металлургия өндірісі	24
	Машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіру	25
	Компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндіру	26
	Электр жабдықтарын өндіру	27
	Басқа топтамаларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру	28
	Автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндіру	29
	Басқа көлік құралдарын өндіру	30
	Жиһаз өндіру	31
	Өзге де дайын бұйымдар өндіру	32
	Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату	33
D	Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	35
E	Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	36-39
	Суды жинау, өңдеу және тарату	36
	Ағын суларды жинау және өңдеу	37
	Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру)	38
	Ластануды жою жөніндегі қызмет және қалдықтарды жою	

	саласындағы өзге де көрсетілетін қызметтер	39
F	Құрылыс	41-43
	Ғимараттар құрылысы	41
	Азаматтық құрылыс	42
	Мамандандырылған құрылыс жұмыстары	43
G	Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	45-47
	Автомобильдер мен мотоциклдерді көтерме және бөлшек саудада сату	45
	Автомобильдер мен мотоциклдер саудасынан басқа, көтерме саудада сату	46
	Автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа, бөлшек саудада сату	47
H	Көлік және жинақтау	49-53
	Құрлық және құбырмен жүретін көліктің қызметі	49
	Су көлігінің қызметі	50
	Әуе көлігінің қызметі	51
	Жүкті қоймалау және қосалқы көлік қызметі	52
	Пошталық және курьерлік қызмет	53
I	Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	55-56
	Уақытша тұру жөнінде қызмет көрсету	55
	Тамақ өнімдерімен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету	56
J	Ақпарат және байланыс	58-63
	Баспа қызметі	58
	Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар, дыбыс жазбалар және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет	59
	Бағдарлама және теле-радио хабарлама жасау жөніндегі қызмет	60
	Телекоммуникациялар	61
	Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілесіп көрсетілетін қызметтер	62

	Ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызмет	63
K	Қаржы және сақтандыру қызметі	64-66
	Қаржылық делдалдық, сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз етуді қоспағанда	64
	Міндетті әлеуметтік қамсыздандырудан басқа, сақтандыру, қайта сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру	65
	Қаржылық көрсетілетін қызметтер мен сақтандыру саласындағы қосалқы қызмет	66
L	Жылжымайтын мүлікпен операциялар	68
M	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	69-75
	Құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызмет	69
	Бас компаниялардың қызметі; басқару мәселелері бойынша консультация беру	70
	Сәулет, инженерлік ізденістер, техникалық сынақтар мен талдау саласындағы қызмет	71
	Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер	72
	Жарнама қызметі және нарық конъюнктурасын зерттеу	73
	Өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	74
	Ветеринариялық қызмет	75
N	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	77-82
	Жалдау, прокат және лизинг	77
	Жұмысқа орналастыру саласындағы қызмет	78
	Туристік агенттіктердің және операторлардың қызметі, брондау және ілеспе қызмет	79
	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тергеу жүргізу бойынша қызмет	80
	Ғимараттарға қызмет көрсету және аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет	81
	Коммерциялық қызметті қолдауға бағытталған офистік әкімшілік	

	және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	82
O	Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	84
P	Білім беру	85
Q	Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	86-88
	Денсаулық сақтау саласындағы қызмет	86
	Тұруды қамтамасыз етумен әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну	87
	Тұратын жермен қамтамасыз етусіз әлеуметтік қызметтер көрсету	88
R	Өнер, ойын-сауық және демалыс	90-93
	Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет	90
	Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің және өзге де мәдениет саласындағы қызметтер	91
	Құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру бойынша қызмет	92
	Спорт, демалыс және ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет	93
S	Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	94-96
	Қоғамдық бірлестіктер (ұйымдар) қызметі	94
	Компьютерлерді, жеке пайдаланатын заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу	95
	Өзге де жеке көрсетілетін қызметтерді ұсыну	96
T	Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметі, өзіндік тұтынуы үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру бойынша үй шаруашылықтарының қызметі	97-98
	Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметі	97
	Өзіндік тұтынуы үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді көрсету өндіру бойынша үй шаруашылықтарының қызметі	98

U	Аумақтан тыс ұйымдар мен органдардың қызметі	99
---	--	----

2024 жылғы 25 сәуірдегі
№ 114 бұйрығына
4-қосымша/

"Жасырын жұмыссыздық жөніндегі мәлімет" (қысқартылған және жұмыспен ішінара қамтылған жұмыскерлер, жалақы бойынша берешек туралы) (индексі 3-ЕН, (жасырын жұмыссыздық) кезеңділігі айлық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "Жасырын жұмыссыздық жөніндегі мәлімет" (қысқартылған және жұмыспен ішінара қамтылған жұмыскерлер, жалақы бойынша берешек туралы) (индексі 3-ЕН, (жасырын жұмыссыздық) кезеңділігі айлық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13 бабы 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Жасырын жұмыссыздық жөніндегі мәлімет" (қысқартылған және жұмыспен ішінара қамтылған жұмыскерлер, жалақы бойынша берешек туралы) (индексі 3-ЕН, (жасырын жұмыссыздық) кезеңділігі айлық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде (бұдан әрі – Еңбек кодексі) белгіленген қалыпты ұзақтықтан аз уақыт, оның ішінде:

толық емес жұмыс күні, яғни күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын азайту;

толық емес жұмыс аптасы, яғни жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту;

бір мезгілде күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын азайту және жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту толық емес жұмыс уақыты болып есептеледі;

2) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

3. Статистикалық нысанды ай сайын заңды тұлғалар және олардың филиалдары мен өкілдіктерінің өздері орналасқан орындары бойынша келесі жағдайлардың бірі болған кезде ұсынады:

өндірісті толық тоқтату (жұмыстар мен қызметтердің орындалуын тоқтату);

толық емес жұмыс уақыты режиміне көшу (ішінара тоқтата тұру, өндіріс көлемін қысқарту, жұмыс режимінің өзгеруі);

толық көлемде жұмыс, бірақ штат құрамын қысқартуды жоспарлағандар және жүзеге асырғандар;

жалақы бойынша мерзімі өткен берешектің болуы (үш айдан астам).

1-бөлімде экономикалық қызметтің түрі статистикалық нысанға қосымшаға сәйкес толтырылады.

1-бөлімде 1, 2 немесе 3-жолдардың біреуі ғана толтырылады.

1-жол бойынша деректерді жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді толық тоқтатқан, оның ішінде келісімшарт (шарт) мерзімінің аяқталуы және келісімшарт (шарт) бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің аяқталуы бойынша тоқтатқан кәсіпорындар толтырады.

2-жол бойынша деректерді өндірісті ішінара тоқтатқан, жекелеген бөлімшелерде, цехтарда, учаскелерде жұмысын тоқтатқан, тұтастай кәсіпорын бойынша немесе жекелеген бөлімшелерде, цехтарда, учаскелерде толық емес жұмыс уақыты режиміне өткен, өндіріс көлемін қысқартқан, жұмыс режимін өзгерткен кәсіпорындар толтырады.

3-жол бойынша деректерді жұмысты толық режимде жүзеге асыратын, бірақ персоналды босатуды немесе штат бірліктерін қысқартуды жоспарлайтын кәсіпорындар, сондай-ақ есепті кезеңде (яғни есепті айда) қысқартуды жүзеге асырған кәсіпорындар толтырады.

1-бөлімнің 1, 2 немесе 3-жолдарында:

1-баған бойынша кәсіпорынның өндіріс көлемі көрсетіледі, мың теңгемен;

2-баған бойынша жұмыскерлердің жалпы тізімдік саны көрсетіледі;

3-баған бойынша есепті кезеңде штат кестесінен шығарылған қандай да бір лауазымдардың саны, яғни адамдардың саны көрсетіледі;

4-баған бойынша штат кестесінен шығарылған қандай да бір лауазымдардың саны есепті кезеңде толтырылады, яғни бос орындар саны (бірлік);

5-баған бойынша өз еркімен жұмыстан шығарылған, оның ішінде еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін маусымдық, уақытша жұмыстарға қабылданған қызметкерлердің саны көрсетіледі;

6-баған бойынша жалақысы сақталмайтын демалыстағы жұмыскерлердің саны көрсетіледі. Бұл баған есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша, яғни есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне толтырылады;

7-баған бойынша толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыс істейтін жұмыскерлердің саны көрсетіледі. 7-баған есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша, яғни есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне толтырылады;

8-баған бойынша өндірістің, жабдықтың тоқтап қалуына байланысты уақытша жұмыспен қамтылмаған жұмыскерлердің саны көрсетіледі;

9-баған бойынша 2 айдан кейін жұмыс орындарының күтілетін қысқаруы көрсетіледі, есепті күнге адам саны көрсетіледі.

2-бөлім кәсіпорын (ұйым, мекеме) жұмыскерлерді жұмыспен қамтуда қамтамасыз ету мақсатында қабылдаған шаралар бойынша көрсеткіштерді қамтиды.

1-жолда басқа жұмыстарға (лауазымдарға) қайта бөлінген жұмыскерлер саны – басқа жұмыстарға (лауазымдарға) ауыстырылған жұмыскерлер саны көрсетіледі;

2-жол бойынша басқа мамандықтарға оқытылған жұмыскерлердің саны – оқытудан, қайта оқытудан, қайта даярлаудан өткен және оқытудан, қайта оқытудан, қайта даярлаудан өткен лауазымдарда жұмыс істейтін жұмыскерлердің саны көрсетіледі;

3-жолда қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілген және өтетін жұмыскерлер саны көрсетіледі.

3-бөлімді жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер толтырады.

2-бағанда жалақы бойынша мерзімі өткен берешек көрсетіледі – Еңбек кодексінің 113-бабы 1-тармағын бұза отырып төленбеген жалақы есепті кезеңнің соңына, яғни есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-күніне толтырылады.